

2016 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 560 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 қаңтарда № 4368 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 164 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 25.04.2016 № 164 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру ережесінің 6, 7, 8, 18-тармақтарына сәйкес, мемлекеттік кепілдіктер жүйесін кеңейту мақсатында және жұмысқа орналасуда қиыншылық көретін халықтың әр түрлі топтарын қолдау үшін, Катонқарағай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.
2. 2016 жылы қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдардың қоса беріліп отырған тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, қаржыландыру көздері және нақты шарттары бекітілсін.
3. Қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың жергілікті бюджет қаражатынан еңбекақысының мөлшері 2016 жылға белгіленген ең төменгі жалақыдан кем емес мөлшерінде бекітілсін.
4. "2015 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы" 2015 жылғы 16 қаңтардағы (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3680 тіркелген, 2015 жылғы 27 ақпандағы №16 (7803) "Арай – Луч" аудандық газетінде жарияланған) № 18 Катонқарағай ауданы әкімдігінің қаулысының күші жойылды деп танылсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Катонқарағай ауданы әкімінің

орынбасары Б.Т. Рақышеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Катонқарағай ауданының әкімі

Қ. Байғонұсов

Катонқарағай аудандық
әкімдігінің 2015 жылғы
" 30 " желтоқсандағы
№ 560 қаулысына қосымша

2016 жылы ақилы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізімі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, қаржыландыру көздері және қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары

№ р/ р	Ұйымдар аты	Қоғамдық жұмыс түрлері	Атқарылатын жұмыстар көлемі	Сұраныс (жарияланған қажет-тілік)	Ұсыныс (бекітілген)	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1.	"Катонқарағай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	аумақты абаттандыруда көмек; ағымдағы және мұрағаттық құжаттармен жұмысқа көмектесу	аптасына 1000 шаршы метр; аптасына 50 құжат	5	5	Катонқарағай ауданының бюджеті
2.	"Үлкен Нарын ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	аумақты абаттандыруда көмек; пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу	аптасына 50000 шаршы метр; аптасына 323 құжат	50	50	Катонқарағай ауданының бюджеті
3.	"Ново-Хайрузовка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	аумақты абаттандыруда көмек; пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу	аптасына 15000 шаршы метр; аптасына 322 құжат	15	15	Катонқарағай ауданының бюджеті
4.	"Солоновка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	аумақты абаттандыруда көмек; пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу	аптасына 15000 шаршы метр; аптасына 243 дана	15	15	Катонқарағай ауданының бюджеті
		аумақты				

5.	"Алтынбел ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	абаттандыруда көмек; пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу	аптасына 20000 шаршы метр; аптасына 342 құжат	20	20	Катонқарағай ауданының бюджеті
6.	"Новополяковка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	аумақты абаттандыруда көмек; пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу	аптасына 15000 шаршы метр; аптасына 269 құжат	15	15	Катонқарағай ауданының бюджеті
7.	"Солдатово ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	аумақты абаттандыруда көмек; пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу	аптасына 10000 шаршы метр; аптасына 240 дана	10	10	Катонқарағай ауданының бюджеті
8.	"Катонқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	аумақты абаттандыруда көмек; пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу	аптасына 25000 шаршы метр; аптасына 390 құжат	25	25	Катонқарағай ауданының бюджеті
9.	"Коробиха ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	аумақты абаттандыруда көмек; пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу	аптасына 15000 шаршы метр; аптасына 310 құжат	15	15	Катонқарағай ауданының бюджеті
10.	"Ақсу ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	аумақты абаттандыруда көмек; пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу	аптасына 10000 шаршы метр; аптасына 311 құжат	10	10	Катонқарағай ауданының бюджеті
11.	"Белқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	аумақты абаттандыруда көмек; пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу	аптасына 15000 шаршы метр; аптасына 112 құжат	15	15	Катонқарағай ауданының бюджеті
12.	"Аққайнар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	аумақты абаттандыруда көмек; пошталық хат-хабарларды	аптасына 15000 шаршы метр; аптасына 296	15	15	Катонқарағай

		жеткізуге көмектесу	құжат			ауданының бюджеті
13	"Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	аумақты абаттандыруда көмек; пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу	аптасына 10000 шаршы метр; аптасына 237 құжат	10	10	Катонқарағай ауданының бюджеті
14	"Өрел ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	аумақты абаттандыруда көмек	аптасына 12000 шаршы метр	12	12	Катонқарағай ауданының бюджеті
15	"Катонқарағай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	ағымдағы және мұрағаттық құжаттармен жұмысқа көмектесу	аптасына 100 құжат	2	2	Катонқарағай ауданының бюджеті
16	"Катонқарағай ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	ағымдағы және мұрағаттық құжаттармен жұмысқа көмектесу	аптасына 50 құжат	1	1	Катонқарағай ауданының бюджеті
17	"Катонқарағай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	қызметтік үй-жайларды жинастыру.	күніне 70 шаршы метр.	2	2	Катонқарағай ауданының бюджеті
18	"Катонқарағай ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі	ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу	аптасына 50 құжат	1	1	Катонқарағай ауданының бюджеті
19	"Катонқарағай ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі	ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу	аптасына 100 құжат	2	2	Катонқарағай ауданының бюджеті
20	"Катонқарағай ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу	аптасына 50 құжат	1	1	Катонқарағай ауданының бюджеті
21	"Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу	аптасына 50 құжат	1	1	Катонқарағай ауданының бюджеті
22	"Катонқарағай ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі	ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу	аптасына 50 құжат	1	1	Катонқарағай ауданының бюджеті
23	"Катонқарағай ауданының туристік ақпараттық орталығы" коммуналдық	қызметтік үй-жайларды	күніне 70	2	2	Катонқарағай

	мемлекеттік мекемесі	жинастыру.	шаршы метр.		ауданының бюджеті	
24	"Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу	аптасына 100 құжат	2	2	Катонқарағай ауданының бюджеті
25	Катонқарағай ауданының "Шығармашылық үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын	аумақты абаттандыруда көмек	аптасына 1000 шаршы метр	2	2	Катонқарағай ауданының бюджеті
26	"Катонқарағай ауданының статистика басқармасы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	қызметтік үй-жайларды жинастыру.	күніне 70 шаршы метр.	2	2	Катонқарағай ауданының бюджеті
27	"Шығыс Қазақстан облысы мұрағаттар және құжаттама басқармасының "Катонқарағай ауданының мемлекеттік мұрағаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	мұрағаттық құжаттармен жұмысқа көмектесу	аптасына 100 құжат	2	2	Катонқарағай ауданының бюджеті
28	"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаменті Катонқарағай аудандық әділет басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу	аптасына 200 құжат	4	4	Катонқарағай ауданының бюджеті
29	"Катонқарағай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" Республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	хабарламаларды жеткізу, ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу	аптасына 25 хабарлама; аптасына 50 құжат	1	1	Катонқарағай ауданының бюджеті
30	"Катонқарағай ауданының зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" (келісім бойынша)	ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу	аптасына 100 құжат	2	2	Катонқарағай ауданының бюджеті
	Барлығы:			260	260	

Қоғамдық жұмыстардың нақты талаптары:

Жұмыс аптасының ұзақтығы екі демалыс күнімен 5 күнді құрайды, сегіз сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс 1 сағат, еңбекақы төлеу, зейнетақы және әлеуметтік аударымдары, қолданылмаған еңбек демалысына өтемақы жүргізу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі, орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты жұмыс уақытын есептеу табелінде көрсетілген дәлелді жұмыс істеген уақытына жұмыссыздардың жеке шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады; еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, арнайы киіммен, саймандар мен құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу, мертігу немесе

басқа зақымдану салдарынан келтірілген зиянның орнын толтыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушімен жүргізіледі. Жұмыскерлердің жеке санаттары (әйелдер және отбасылық міндеттері бар басқа тұлғалар, мүгедектер, он сегіз жасқа толмаған тұлғалар) үшін қоғамдық жұмыстардың талаптары тиісті санатқа еңбек талаптарының ерекшелігін ескере отырып белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің және жұмыскердің арасында жасалған еңбек шарттарымен қарастырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК